

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заградовка ауылдық округі Горный ауылының көшесін қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заградовка ауылдық округінің әкімі 2022 жылғы 25 қарашадағы № 28 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қарашада № 30780 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Горный ауылы халқының пікірін ескере отырып және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2022 жылғы 1 наурыздағы қорытындысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Заградовка ауылдық округі Горный ауылының Ленин көшесі Серік Омаров көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Б. Тулегенов